

Осербаев Елдос Нұрланұлы
«8D03102 – Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Кибербуллинг мәдени девиацияның формасы ретінде» докторлық
диссертацияға ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ

Цифрланушы қоғам мен виртуалды әлемге ауысу, әрине, нағыз прогресс пен адамзаттың сара жолы екендігі даусыз. Алайда адамдардың Интернеттің цифрлық тәуелділеріне айналуы жаңа проблемаларды да әкелді. Нәтижесінде әсер ету субъектісіне пайдалы құндылықтарды, кодтарды, өкілдіктер мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру мақсатында Интернетті пайдаланушылардың үлкен топтарына сыртқы әсер ету үшін барлық қажетті технологиялық мүмкіндіктер әзірленді. Осылайша, интернеттің виртуалды кеңістігімен көбейтілген геосаяси дискурс бұрын-соңды болмаған күшке ие болады. Девиацияның заманауи көрінісі кибербуллинг өрістеді. Бұл процесс арандатушылық ақпарат пен түсіндірме мәтіндерінің, тұлғаға негізсіз ауысулардың, қауіп-қатерлердің, әлеуметтік оқшаулануға және бүкіл кезең мен циклдегі материалдық, физикалық шығындарға әкелетін әрекеттердің жиынтығы болып табылады. «Анонимді» немесе жасырын ықпал етушілердің иелері манипуляция уақытын ұзартады, өздерінің «жәбірленушісін» психологиялық және эмоционалдық қысымда ұстайды, сәйкесінше деструктивті нысандарды белсенді ететін әрекеттерді жасайды.

Ақпараттық кеңістікке әлеуметтік-философиялық талдау жасап, жан жағынан қарастырған еңбектер өте көп. Елдос Осербаев ұсынып отырған диссертациялық жұмыста кибербуллингтің мәдени девиациялық форма ретінде ғылыми кеңістікке енгізу мәселесін зерттей отырып, мәнін ашады. Бұл жұмысты аталған мәселеге бағытталған еліміздегі алғашқы мәдениеттанулық зерттеу деуге болады. Цифрлық технологиялардың дамуы жылдамдығы мен деңгейінің жоғарылауымен жауапкершілік те арта түсетіні анық. Адамның өзгелердің программа, алгоритмдеріне бағынышты болу қаупі бар цифрлық қоғамда, жауапкершілік мәселесі өте өзекті деуге болады. Сонымен қоса, қазіргі замандағы жасанды интеллекттің маңыздылығы, үлесінің артуы, виртуализация мәселелерін жауапкершілік призмасы арқылы философиялық талдау, тақырыптың өзектілігін арттыра түседі.

Диссертация жоспары тақырыпты ашуға бағытталған, бір-бірімен логикалық байланысты екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда, ақпараттық қоғамдағы мәдени девиацияны зерттеудің әдіснамалық мәселелерін зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері анықталып, цифрлық қоғамның қалыптасу тарихы және негізгі ұғымдары, оның жаһандану жағдайында даму параметрлері, қоғам мен тұлға болмысының ерекшеліктері қарастырылады. Екінші тарауда заманауи мәдениет мәнмәтініндегі кибербуллингтің ерекшеліктерінің цифрлық этика және оның негізгі принциптерінің мәні ашылады. Тәуелсіз Қазақстан дамуы баянды болуының бір кепілі – өзіміздің рухани-мәдени дүниеміздің тарихи өткеніне қайта үңілу, оларды ой елегінен

өткізу, тарих қатпарында қалған рухани дүниеміздің жанды тамырларын қайта қалыптастыру. Әрине келешекте мұндай руханияттылықтың зердеханасы толыққанды болып өсетін ұрпақтар, тек байырға қазақи емес, еліміздің қазіргі күрделі жағдаятынан туындайтын, келешектегі қазақ халқының әлем халықтары арасынан өзінің шығар төріндегі орнын өз беделімен алатын, кейін кең өріс пен ұрпақтар жаятын жас буындар болады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы қоғам және тұлға өмірінің маңызды бөлігі, осыған орай, бұл процесстің негізінде көптеген өзгерістер де орын алуда. Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ақпарат алмасу мүмкіндігі мен уақыт айырмасы анағұрлым жоғары екені де белгілі. Дейтұрғанымен, виртуалды әлемнің бұл артықшылығы саналық және мәдени тұрғыда әлеуметтен ада немесе антисоциалды қоғам үшін аса жайлы мекен болуына әкеп соқты: мәселен, түрлі зорлық-зомбылық әрекеттерді насихаттау, өсек-аян тарату, аңду, бір сөзбен бұл нағыз «онлайн агрессияның» жарқын үлгісі.

Диссертация тақырыбының проблемалық өрісі пәнаралық сипатқа ие. Философия, әлеуметтану, психология, саясаттану салаларындағы тұжырымдар назардан тыс қалмады.

Еңбектің ғылыми-теориялық деңгейі жоғары. Елдос Осербаев тақырыпты зерттеу барысында мәдениеттанудың және мәдени антропологияның релятивистік, герменевтикалық, компротивистикалық, когнитивтікәдістерін қолданған. Нәтижесінде диссертация мазмұны толық ашылған, ғылыми жетекшілер мен ізденуші қойған мақсат-міндеттер орындалған. Жалпы, жұмысты тың мәліметтерге сүйеніп жазылған зерттеу деп санауға болады. Докторант зерттеу еңбегінде белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге тиянақты түрде дәлелдер келтіріп, ғылыми деңгейде дәйекті нәтижелерге қол жеткізген

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мемлекеттік мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылатыны мәлім. Диссертацияның практикалық маңызы, зерттеу барысында қол жеткізген тұжырымдарды бағдарлама аясында жүзеге асып жатқан іс-шараларға ұсыныс ретінде жолдауға болады. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары, келтірілген тұжырымдар, мәдениеттанулық пайымдаулар, түсіндірмелер, салыстырмалы талдау нәтижелері – ұлттық мәдениетімізді, этика, т.б. пәндерді оқытуда және жалпы философиялық мәселелер қызықтыратын көпшілік оқырман қауымға пайдалы бола алады.

Диссертант тақырып бойынша ізденіс жүргізу барысында ғалымға тән ұқыптылық, еңбекқорлық, жаңалыққа ашықтық, ғылымға адалдық сияқты қасиеттерді көрсете білді. Ол докторантурадан өту талаптарының бәрін табысты жүзеге асырды, шетелдік кеңесші Анжан Гоштың рұқсатымен

Хажеттепе университетінде (Анкара қаласы, Түркия) ғылыми тағылымдамадан өтіп, диссертацияға қажетті материалдар жинады.


Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарды жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 8 мақала жарық көрді. Оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда – 4 («Адам әлемі», «ҚазҰУ Хабаршысы»); ғылыми практикалық конференцияларда – 2, Scopus журналдар базасына кіретін «Frontiers in Communication» журналында 1 мақала жарияланды. Сонымен қатар бірнеше ғылыми, ғылыми - практикалық конференцияларда диссертация тақырыбы бойынша баяндама жасады.

Қорыта айтқанда, Осербаев Елдос Нұрланұлы «Кибербуллинг мәдени девиацияның формасы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған, алдына қойған міндеттерді орындаған ғылыми-теориялық және практикалық деңгейі жоғары, отандық ғылымға қосар үлесі мол еңбек деп бағалап, «8D03102 – Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының докторы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия
кафедрасының профессоры



Ғабитов Т.Х.

РАСТАЙЫМЫН
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«___» _____ 20__ ж./г.